Ханғали СҮЙІНШӘЛИЕВ

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ

1

Қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев өз халқына тән рухани күшті өзінің алып тұлғасы арқылы танытқан ұлы талант иесі болды. Ол халқымыздың бақытты өмірі мен ерлік істерінің, халықтардың мызғымас ұлы достығының жалынды жыршысы болды.

Жамбыл – қазақ әдебиетінің асқар белі, бүкіл әлемге әйгілі болған жалынды поэзияның авторы, шын мәніндегі адам жанының инженері. Ол өзінің басынан тұтас бір ғасырды өткізді, ұзақ өмір оған көпті көрсетті, ақын жырларына сарқылмас нәр берді, өмір құбылыстарын шынайылықпен бейнелеуге үйретті. Ұзақ жылдардың талай ауыр кезеңдерін басынан кешіріп, өмірдің талай соқпақты сындарынан өткен ақын, еңбекші халықпен бірге қуанып, бірге қайғырып, тынымсыз күрес-тартыс үстінде шынығып өсті. Сондықтан да: «Менің шын атым – халық», - деп кетті ол. Алып ақынның бұл сөзінде терең сыр, зор мән бар. Ол сыр – ақын бойындағы тамаша қасиеттердің бәрі халық қасиетімен тығыз байланысты екендігінде. Оның шығармаларының үнемі дамып отыратын зор қуаты, асқан ақындық шабыты, асқақ жыр нөсері, таңғажайып сөз өрнегі – бәрі халықтан ауысқан қасиет, халық даналығының нәрлі көзі дей аламыз. Жамбылдың ақындық даңқын асыратын күш – оның өлеңдерінің сол сарқылмас халық даналығымен сабақтас болуында, халық өмірінің шындығын аша білуінде, өмірдің көкейкесті мәселелерін көтере білуінде.

Жамбыл ақындығының ең гүлденген кезі, бойындағы барлық ақындық қуатын шарықтата көрінген дәуірі кеңес өкіметі жылдарында басталды. Халқымен бірге өмір азабын тартып, бойындағы жүйке тамыры суала бастаған қарт ақынның тамырына кеңес өкіметі тұсында қан жүгірді, бойына қуат жиылды. Жетпіс жасап, сөзден қалып отырған қарт ақынның төрінен көрі жуық еді. Жаңа заманда Жамбыл қайта жасарды, кәрі домбырасын қайта қолына алды; тамаша жарқын жыр нөсерін ағызды. Жаңа өмір көріністері ақын қиялына зор шабыт бітіріп, жалынды жырларын қыранша самғатты. Қайтып келмеске кеткен ескі заман Жамбыл жырларының үніне тосқауыл жасап, құлашын жайғызбай келген еді. Ақын есімін өз ауылы, Жетсу аймағы ғана білетін. Ал шығарған жырын өзі жүріп таратпаса, алысқа, шетсіз-шексіз қазақ жеріне кең жаятын мүмкіншілік болған жоқ еді.

Жаңа өмір Жамбыл даусын бүкіл әлемге жеткізді, ақындық даңқын асырды. Жамбыл бұрынғы қалпында қалып қойған жоқ, жаңа шабытқа ие болды, қайта қанаттанды, кемеліне келіп, өрен жүйрік дәрежесіне жетті.

Жамбылдың ақындық күші Отанымыздың күн санап өсіп келе жатқан асқар күшімен біте қайнап, бірге өсіп отырды. Жаңа тұрмыста халқымен бірге

жасап, бірге күресіп келген Жамбыл елімен бірге тарихи асудан асты. Ақын өмір талабына сай еңбек етіп, алдыңғы сапта болды, еліміздегі оқиғларға қызу үн қосып отырды. Ол Қазақстан мәдениетінің мақтанышы, қазақ поэзиясының классигі, жалынды жыршысы, көпті көрген ойшыл ақыны, белсенді қоғам қайраткері болды.

Жамбыл шығармаларындағы негізгі тақырып, өзекті ой, басты идея Отанды шын жүректен сүю, оны жаулардан қорғай білу, оның дана жолын берік ұстап, төңірегіне тығыз топтасу, халық мүддесі үшін еңбек ету, халықтардың достығын нығайту, адамгершілікті, бейбіт, бақытты өмірді мадақтау, адамдарды, олардың ерлік күресін шабытпен жырлау болды.

Осылайша, Жамбыл бұрынғы ауыз әдебиеті өкілдерінің дәрежесінде қалып қоймай, ауыз әдебиетінің халықтық дәстүрін ілгері дамытты. Оның бар жақсы қасиеттерін өз бойында сақтап, өз поэзиясына әкеп ұштастырды. Жаңа заманымыздың көркемдігі жоғары, озық идеялы әдебиетінің көрнекті өкілі болды. Жаңа творчестволық шыңға көтерілді. Оның поэзиясы жаңа заман поэзиясымен бір сапта дамып, әдебиетіміздің жоғары идеялылығын танытты. Ол белгілі бір сазды, өзіне тән лепті, нанымды, нұрлы шаттыққа толы поэзия туғызды.

Қазақ поэзиясының тамаша табысының бірі оның қоғамдық мәнінің орасан зорая түсуінде, еліміздің өміріндегі оқиғаларға белсене араласып, қызу үн қосып отыруында десек, оның жарқын үлгісін Жамбыл поэзиясынан да айқын көруге болады.

Жамбылдың творчестволық өсу жолын ғылыми тұрғыдан толық баяндайтын монографиялық еңбектер жоқ. Орыс тілінде бұдан көп жыл бұрын шыққан Зелинский мен Фетисов жолдастардың кітапшаларын айтпағанда, қазақ тілінде Жамбыл туралы лекция ретінде жазылған, ақынның өмірін танытарлық та еңбектер аз. Осы жағдайды атап көрсете келіп, Қазақстан жазушыларының 3-съезі өзінің қарарында былай деп жазды:

«Съезд Жазушылар одағының басқармасы мен президиумы тарапынан халық ақындарының творчествосына, Жамбылдың творчестволық мұрасын зерттеп, насихаттауға жеткілікті назар аударылмағанын атап көрсетеді»[1].

Бұл қарар қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымдар мен әдебиетшілер алдына зор міндеттер қояды, Жамбыл творчествосының жержүзілік маңызын толық танытып, оның ақындық ерекшелігі мен көркемдік әдістерін, тіл шеберліктерін арнаулы зерттеуді, көлемді монографиялық еңбекті керек етеді.

Бұл лекция ақынның өмірі мен творчествосымен қалың көпшілікті таныстыру мақсатында ұсынылып отыр. Ол жоғарыда көрсетілген зор талаптарды толық және жан-жақты ашуды мақсат етпейді.

2

XX ғасырдың қырқыншы жылдары қазақ мәдениетінің тарихында екі алып ақынды әкелді. Оның бірі – ұлы ақын Абай Құнанбаев болса, екіншісі – Жамбыл Жабаев. Абайдан бір жыл соң дүниеге келген Жамбыл Абай жетпеген

[1] «Әдебиет және искусство» журналы, № 11, 1954 ж., 127-бет.

арманға жетіп, халқының ғасырлар бойғы ой-тілегінің орындалғанын өз көзімен көрді. Жамбыл жаңа өмірге қартайған шағында жетті. Бірақ ол жасы жеткеніне қарамастан, әдебиет майданында тынымсыз еңбек етті. Өмірдегі ғажайып істер ақынға сарқылмас күш-жігер, зор шабыт берді. Сөйтіп, жаңа заман қайта жасартқан ақын өмірге белсене араласты.

Ақын дүниеге Жамбыл тауы баурайын қуып өтетін Шу өзені бойында 1846 жылдың қысында туды. Әкесі Жапа нәрсетесінің атын өз елінің мекені, қысқы панасы, жаз жайлауы, жер биігі тау атымен Жамбыл деп қойды. Бұлай атаудағы ниет: асқар таудай биік санасы бар, елге тиер панасы бар, қамқор адам болып өссе екен деген баласының болашағынан күткен аталық ақ ниет болатын.

Ақын өзінің дүниеге келуі туралы:

Ел үркіп жүрген кезде күні-түні,
Сары аяз көш жөнекей боран күні,
Қар жауып, мұзға түскен Жамбыл екем,
Жұтынып суық ауа шыққан үні, -

дейді. Жамбыл сол қыстың қытымыр ауыр жағдайында дүниеге келеді. Ол кедейліктің ауыр азабын көріп өседі.

Жамбылдың әкесі Жапа кедей шаруа болған. Оның елі Екей ішіндегі кедей ауылы болып, жер-жайылым қыйыншылығын көп көрген. Қоқанның, аталы ру байларының шапқыны мен зорлығына жиі ұшырап отырған. Сондықтан да ақын:

Көз аштым, сорғалаған қанды көрдім,
Қамыққан қанды жасты жанды көрдім.
Ел көрдім еңіреп босқан, аңды көрдім,
Қойнында Алатаудың зарды көрдім, -

деп, жас кезінде көзімен көрген ауыр ел жағдайын сыйпаттайды. Ол кездегі Жетісу еңбекшілерінің күн көрісі тым ауыр болған. Жетісу қазақтарын Қоқан хандығы өзіне қаратып, халықтың тынышын алады. Қоқандықтар патша әскеріне қарсы соғысқа даярланып, елден жігіт, мал, салық жыйып, халықтың басына әңгір таяқ ойнатты. Қоқандықтар мен ел ішіндегі феодалдардың қысымына халық төзе алмайды. Бөліне көшіп, топ жыйып, қазақ кедейлері ашық наразылықтар білдіріп отырады. Кейде бұл наразылықтар үлкен күш көрсетуге айналып, көтеріліс дәрежесіне жетіп жатады. Қоқанға қарсы шыққан халық қолына Шапырашты Екей кедейлері де қосылады.

Мен емес, суық демді ел де алыпты,
Тарылтқан қысаң заман кең жарықты.
«Қара күн хан билеген», «қанды жорық»,
Дегендей ел аузында сөз қалыпты, -

деп ақын сол жортуыл кезеңнің ауыр азаптарын еске түсіреді.

Ұзаққа созылған тынымсыз жортуыл азабынан ұлы жүз Үйсін елі тек XIX ғасырдың екінші жарымында арыла бастайды. Бұл кезде Қазақстанның оңтүстігі түгелдей Россияның қоластына көшеді. Қоқандықтардың үстемдігіне қарсы күресте орыс армиясын қазақ кедейлері қарсы алып, оларға жәрдем көрсетіп отырады.

Жамбыл жас кезінде Шоқан, Ыбырай, Абайлар алған білімге жете алмады. Ол өз жолымен өсті. Ол жол – бұрыннан келе жатқан, қазақ ақындарының басынан кешкен ауыз әдебиетінің жолы болды. Жамбылдың тәрбие алған ақындық мектебі сол ауыз әдебиеті, халық ақындарының бұқарашыл дәстүрі болды.

Жамбыл ес білгеннен кейін оқу іздеумен шұғылдана алмады. Ол ең алдымен күн көріс қамын ойлауға мәжбүр болды. Өзі сияқты кедей балаларының ауыр тағдыры болашақ ақынның алдын тосты.

Райттап тана мініп, қозы бақтым,
Еңбекті иемденгенде шама келіп, -

деп өзі айтқандай, қой соңынан ерді, қозы бақты.

Жамбыл жас кезінде молда алдын да көрген еді. Бірақ инемен ұдық қазғандай ескі араб оқуы, молданың тобылғы шыбықтың астына алып әурелеуі жас жүректі әбден шошындырады. Қадім оқуының шыбыққа шанышқан әліп биін жаттау үшін қолданатын ескі надан молданың бұл қатал әдісі Жамбыл үшін ауыр азаптай болып көрінеді. Оның өр көңілі молда қорлығына төзбейді де, мұндай азапты оқуды біржола тастап кетеді.

Шып-шып етіп молданың
Қолындағы тобылғы,
Қозғалтпайды жон жағым,
Талай дүре соғылды...
Тілің ащы бала деп,
Қайнатты әбден сорымды.
...Оқымаймын енді одан,
Домбырамды қолға алам, -

деп, молданың оқуынан безіп шығады. Өнердің басқа жолын қарастырады.

Жамбылдың сөз тапқыш, ащы тілді бала екені ерте байқалады. Сол молдаға барып жүргенде-ақ ол қатар жолдастарын, қатал молданы сынаған өлеңдер шығарып жүреді. Оны біліп қалған молда Жамбылды талай рет дүрелеп, әкесін шақырып алып, «балаңның тілі ащы» деп зекіп жүрген. Жамбыл одан кейін қой бағып жүрген кезінде де қойшы ертегісін тыңдап, өлең шығарып айтып, домбыра тартуды үйренеді. Бұл өнерге оның қабілеті жастай-ақ ерекше болады.

Қойшымен кеңес құрдым қыр басында,
Өлеңмен ермек болдым жолдасыма...
Өлеңді өркендеттім, өршіп, өстім,
Көргенде жақсы жырды құстай ұштым, -

дейді Жамбыл өзінің бала кезіндегі өлеңге құштарлығы туралы.

Жамбылдың өлеңмен әуестенуі ескі түсініктегі әкесі Жапаға онша ұнамаса да, шешесі Ұлданға ұнайды. Себебі, Ұлдан өз нағашыларының өнеріне жас кезінен сүйсініп, сергек көңілді боп өскен адам болады. Нағашысының бірі Қанадан деген атақты қобызшы болған екен дседі. Баласы Жамбыл домбыраны қолына алғанда, мейірімді ананың тілегі де, жүрегі де осы балам нағашымдай болса деген арманда болады. Сондықтан Ұлдан өзінің талапкер ұлының бетін қақпай, оны мақтан етеді, сүйеніш болады. Анасына сүйенген Жамбыл ойын-тойдан қалмай өлең айтып, өзі де басқалардың өлең-жырларын тыңдай жүріп өседі.

Жамбылдың алғашқы кезде айтатындары басқа ақындардың аузынан жаттап алған өлең-жырлар, дастандар болады. Кейін өзі де өлең шығарып айтатын дәрежеге жетеді.

Он бесте-ақ домбыраны алдым қолға ,
Тең басқан төрт аяғын болдым жорға.
Он алты желі ұзайтты, өрістетті,
Түскендей бұлтартпайтын даңғыл жолға.
Топ десе он жетімде тартынбадым,
Семсердей майдандағы жарқылдадым, -

деп кейін Жамбыл өзінің жыл санап, сатылап өсіп отырғанын еске алады.

Жамбылдың ақындық жолға белін бекем буып, біржола түсуі 16-17 жастан басталады. Жамбыл ақындық жолға оны ермек деп ойлағандықтан түспейды. Оның ақын болуына негізгі себеп: елдегі езілген халықтың мұңы, өзіндей кедей ортаның зары болады.

Ақындық жолға түспес бұрын Жамбыл үлкен, шешен жүйрік ақындарға жүгінеді. Әуелі әке ақылын алу мақсатымен әкесіне арнап:

Өлең мен сөзді дос қылып,
Құрамын ақын санатын.
Домбыра алып сөйлейін,
Күнде жасап мереке.
Мерекелі болған соң,
Елде болар береке, -

деп, ұлықсат сұрай айтқан өлеңінде ол өзінің ел берекесі үшін ақын болғысы келетінін ашық айтады. Бұдан кейін өз кезінің атақты ақыны Сүйінбаймен кездесіп, көп ақыл-кеңес алады.

Жамбыл Сүйінбаймен бірге жүріп, одан ақындық өнер жайында көп үйренеді. Өз жайынан өлең-жырлар шығарып, ақындығын сынатады. Осылайша, Жамбыл Сүйінбайды өз ұстазы етіп алады. Оған арнап:

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Жыр келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай, -

деп, шын жүректен өлең де шығарады.

Әуелі елінде сыналып, жолдас-жораларымен тіл қағысып, одан кейін белгілі ақындарды кездестіріп, солардан сөз өрнегін үйренеді. Осылайша даярланған жас ақын, көп ұзамай, ауыл ақындарын басып озып, көп жүйріктің ішіндегі жарып шығып жүлде алар жүйрігі сияқты, халықтың көзіне түседі.

Жамбылдың 18-19 жасқа дейінгі өмірі осылай өз ауылында өтеді. Енді ер жеткен, өз елінде танылған ақын отырып қалмайды. Көрші ауылдарды аралап, басқа орта, тосын өлкемен танысу керек болады. Осы мақсатпен атқа мінген ақын қазақ, қырғыз жерлерін түгел аралап, ел өмірімен жете танысады. Ақын қай жерге бармасын, барлық жерде де оның алдынан екі түрлі тұрмыс, еңбекші халықтың ауыр азапты өмірі, байлардың сән-салтанаты кездесіп отырады. Жас ақын осы екі таптың екі түрлі жағдайын көріп, өмір сырына түсіне бастайды. Өмірдің ауыр салмағы еңбекші жұртшылықта екенін, олардың мұңы мен ой-арманын айту әрбір нағыз азамат ақынның мойнындағы қарыздар міндеті екенін түсінеді. Төре, бай, мырзалардың құрған қақпанына түспей, халық жағында қалып қоюына да осындай өмірді өз көзімен көріп, тығыз араласуы үлкен себеп болады. Оның үстіне ол халық ақындарымен кездесіп ақылдасып, дидарласып отырады. Халық ортасынан шыққан ақын сол халыққа арқа сүйейді, одан үнемі ақыл-кеңес алып үйренеді. Ол:

Еріксіз он сегіз жас мінгізді атқа,
Бір Жамбыл бөлінгендей екі жаққа:
Бір жағы – қайнап піскен қалың елім,
Бір жағы – атқа мінген бай мен датқа.
Атымды «жақсы» тартты арымалап,
Қоршалап көп отырды қайырмалап.
Өлеңнің майлы басы көпке қалып,
Отырғам улы басын байға қадап.
Жаманды ел қарғаған жамандадым,

Манапқа жақсы сөзді таба алмадым.
Аз сөзім бай, манапқа арналғанда,
Жалтақтап, ел не дер деп алаңдадым.
Шалшыққа шатылмадым, көлде қалдым,
Аздарға сатылмадым, елде қалдым, -

деп, өзінің бай, манаптың алдау-арбайына, торына түспегендігін, олардың сыйлығына қызықпағанын көрсетеді.

Жамбыл сол кездің өзінде халық басындағы ауыртпалық халді жақсы түсінді. Еңбекші халықтың басындағы азапты жайды ақын да жас кезінен басынан кешірді. Айдаһардай ысқырған хан, төре, бай, патша орнатқан ауыр азапты озбыр заманды сынап, оның жыландай улы зәрін шашқан сұржылан бейнесін, қара түнек сасық тұманды қоршауын әшкерелей жыр шығарды. Еңбекші халқының басына түскен қиыншылықтың қайғылы күйін шертеді.

Он екі айдың біреуі – арай болды,
Елдің бірі – бай, мыңы малай болды.
Көлдей аққан көз жасты көремісің,
Бай, манап, озбырлығың қалай болды! –

деп, жыр айтады.

12